6D090500 - «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Амирбекова Гулмира Есенбековнаның «Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН - ПІКІР

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша аутизмге шалдыққан балалардың саны күрт өсуде. Аутизмі бар балалардың бейімделу үдерісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Диссертация жұмысының тақырыбы бүгінгі қоғамдағы осы өзекті мәселені қажет ететін ғылыми мәселе ретінде қарастырылған. Яғни, 6D090500 - «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша тың ғылыми-әдіснамалық-практикалық мәселеге арналған. Диссертант тақырыпты алудағы негіздемесін мемлекеттік және ғылыми бағдарламаларды басшылыққа ала отырып дәлелдеген. Атап айтсақ: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (28.08.2021 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен); Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚР (Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (2021.31.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен); «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру)» тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 Қаулысы (2021.28.12. берілген өзгерістермен); Жоғары және жоғары

			оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (19.01.2023); «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» 2023 жылғы 28 наурызда ҚР Үкімет басшысының №248 қаулысы және басқа да нормативтік құжаттар сілтемеде жүйеленіп берілгендігімен және кіріспедегі нақтылап берілген бағдарламалар дәлел болады. Докторанттың зерттеу тақырыбында қазіргі қоғамдағы күрделі мәселені шешудің алдын алу қарастырылады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Жұмыстың ғылыми маңыздылығы әдіснамалық-теориялық тұрғыда негізделгендіктен, диссертациялық жұмыс қоғамға, білім саласына, ғылым мен практикада маңызды үлесі бар жұмыс деп қарастыруға болады. Себебі, 6D090500 - «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы негізінде даярланған маман соңғы кезде еліміздегі өршіп бара жатқан аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту технологиялары мәселесін алғашқы рет қарастырып отыр. Диссертацияда Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалтудың әдіснамалық тұрғыларының мазмұнын, қолданылу мүмкініктерін ашып көрсетеді. Оны айқындалған кешенді жүзеге асыру технологиялары бойынша негіздеп ұсынған. Сонымен қатар, Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалтудың мазмұнын анықтайды. Аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалтудың құрылымдық-технологиялық моделі әзірленіп, олардың тиімділігі тәжірибелік эксперимент негізінде тексеріледі, ұсынылған ғылыми қағидалар, жасалған тұжырымдар, диагностикалық әдістер практикада

			толық қолданыс табады деген ойдамыз. Жалпы диссертациялық жұмыстағы негізгі ұғымдар ғылыми тұрғыда нақты айқындалып, аутизм синдромның бұзылысынан зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту мен педагогикалық қолдаудың мүмкіндіктері талданған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жұмыс ғылыми зерттеу талабына сай жазылған. Әрбір жасалған қорытындылар мен тұжырымдар, статистикалық дәлелдер, құрылымдық-технологиялық модель және жасалған тәжірибелік-эксперименттік нәтижелер автордың жеке ғылыми позициясын көрсетеді. Диссертациялық жұмысты дайындау барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен конференцияда жсалған баяндамалардан ізденушінің жазу дағдыларының жоғары деңгейі анық байқалады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жан-жақты негізделген. Зерттеу мәселесі мемлекеттік сұраныс ретінде көкейкесті екендігін диссертант қоғамдағы болып жатқан қоғамдық өзгерістерге орай қабылданған бағдарламаларды, болашақ педагог мамандарды дайындаудағы, оның ішінде әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлауға қатысты басшылыққа алатын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қабылданған құжаттарды талдау, статистикалық талдау арқылы дәйекті, нанымды негіздеген. Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері *өзара ішкі бірлікпен,* әрбір бөлімдердің дара және идеялық байланыстылығымен, әр бөлімде берілген ой-тұжырымымен, жұмыс қорытындысымен және автордың педагогика және психология практикасына енгізген жаңалығымен сипатталады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын	Диссертация мазмұны **«Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту»** диссертация

		айқындайды 1) **айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	тақырыбын айқындайды. Диссертациялық жұмыстың әрбір ұғымдары оны шешуге бағытталған міндеттерде және теориялық, тәжірибелік маңыздылығында, қорғауға ұсынылған қағидаларда логикалық детерминизм заңына сай келтірілгені мазмұны мен тақырыптың өзара байланысы мен үйлесімділігін көрсетеді.Диссертация тақырыбы өзекті, мақсат- міндеті айқын. Аталған жұмыс диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсатына қарай арасындағы сәйкестілік болжамды дәлелдеуге және ғылыми, тәжірибелік, қолданбалық маңызды нәтижелерге қол жеткізуге алғышарт болды деп қарастырылған. Диссертацияның ғылыми аппараты сауатты, ғылыми ұстанымдарға сай және жұмысты логикалық бірізді жазуға толық мүмкіндік береді. Диссертацияға қойылған міндеттер толықтай орындалған, зерттеудің құрылымы үш бөлімнің мазмұнына сәйкес жинақталып көрсетілген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен құрылымы, логикалық байланысы, жұмыстың бастапқы кезеңі, ғылыми аппараттан, сонымен қатар, жұмыстағы ішкі бірліктер мен ғылыми-әдіснамалық теориялық байланыстардың нақты көрініс беруімен қамтамасыз етілген. Әрбір тараудың толықтылығы, байланыстылығын айта келе, диссертанттың әдіснамалық және теориялық-практикалық тұрғыдан дайындығының жақсы деңгейде екендігін атап өткен жөн.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;**	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Зерттеуші тарапынан өзіндік тұжырымдары, тың пайымдаулары, сыни талдаулары бар. Егер диссертациялық жұмыстағы барлық алынған нәтижелерді жаңа деп

		2) **талдау жартылай жүргізілген**; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	тұжырымдағаннан кейін олардың авторлық позицияны көрсететіндігі дау туғызбайды. Ғылыми нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі ізденушінің философия, психология, педагогика ғылымдары саласында тұлғаның дамуы бойынша орындалған шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге талдау беруімен негізделеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) **<u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа деп бағалауға негіз бар. Зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа, тың зерттеу мәселесінің алынғанын ескере отырып, барлық жаңалықтардың қоғам, ғылым мен білім салаларындағы бүгінгі таңдағы өзекті - әлеуметтік серіктестік жағдайында әлеуметтік жұмыс маманын дайындау барысына дәлел. Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту мәселесі экономика, құқық, философия, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдары аясында кеңінен байланыстылырып қарастырылған. Ғылыми нәтижелердің теориялық және практикалық-қолданбалық маңыздылығы қағидаттардың да толығымен жаңа болуына алғышарт болып табылады. Жалпы зерттеудің тақырыбы, ондағы зерттеу мәселесі де жаңа болғандықтан, олардың нәтижелерін де жаңа деп есептеуге болады
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? **1) <u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы мен мәселесі жаңа және бүгінгі қоғамның ғылым мен білімнің заманауи сұраныстарына жауап ретінде қарастырғандықтан, алынған жаңалықтардың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы диссертацияның қорытындылары да толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау арқылы аутизм проблемасының зерттелу деңгейіне аса мән береді. Соның негізінде қоғамдағы өзекті мәселені анықтай отырып, оның зерттелу қажеттігін дәлелді негіздеген.

			Себебі, диссертанттың белгілеген міндеттері бойынша алынған ғылыми нәтижелері, ғылыми жаңалықтары мен қорғауға ұсынылған қағидалары дәлел болады:
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) <u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың мазмұнындағы сызба-нұсқалар, көрсеткіштер, суреттер, әртүрлі графиктердің берілуі сондай-ақ арнайы курсты жүргізу барысында қолданылған жаңа кейс-стади, жобалық әдістер, тесттік, диагностикалық әдістердің барлығы компьютерлік өңделген. Сондықтан, жұмыс техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **<u>негізделген</u>**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындыларды негізделген деп айтуға, олардың мақсатқа, алынған міндеттерге сай келетіндігімен дәлелдеуге болады. Қорытындылар гуманитарлық пәндер бағытындағы мамандарды дайындау барысында ғылыми практикалық-қолданбалық мәнінің жоғарылығы да оларды нанымды, сенімді және негізді деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1**) <u>дәлелденді;</u>** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **<u>жоқ</u>** 7.3 Жаңа ма? 1) **<u>ия;</u>** 2) жоқ	Бірінші қағидат дәлелденген, Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы шетелдік және отандық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектер де жарық көріп, халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференциялар да баяндалған. Бір мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, үш мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы басылымдарда, бес мақала халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарияланды.

		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;** 2) жоқ	Ия. Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Әдіснамалық және әдістемелік негіздемелер зерттеу жұмысының міндеттерінде нақты көрініс тауып, шешімін тапқан. Докторант ғылыми-теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін қолданған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1**) ия;** 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың интерпретациясы және ондағы көрнекілік, респонденттермен жұмыс жасау, олармен кері байланыс жасау компьютерлік технологиялар арқылы жасалғандығы айқын. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Сонымен қатар, барлық алынған статистикалық материалдар, google дискі арқылы жиналған мәліметтердің барлығы диссертанттың технологиялық сауаттылығын аңғартады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде	Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалан отырып алынған. Зерттеу жұмыста қорытындыланған теориялық тұжырымдар, құрастырылған модельдер, эксперименттік жұмыстағы қолданылған өлшем құралдары мен педагогикалық-психологиялық-диагностикалық материалдар, эксперименттік жұмыстың валидтілігін, нанымдылығын,

		дәлелденеді): 1) **ия;** 2) жоқ	сенімділігін, дәлелділігін математикалық статистикалық әдістер арқылы дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Зерттеу мәселесінің интегративтілік сипаттамасына орай диссертант жұмыс барысында көптеген ғылымдар жүйесіндегі алыс, жақын шетел авторларының жұмыстарын, ғылыми мақалалардағы материалдарды кеңінен қолданған. Нормативтік құжаттарға сай отандық білім беру тәжірибесіне қолданбалылығын дәлелдеген
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті/**жеткіліксіз	Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерді кеңінен қамтыған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1**) ия;** 2) жоқ	Ия. Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Жоғарыда атап өткендей, әлеуметтік жұмыс саласындағы білім берудегі еліміздегі **аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту** технологиясын зерттеу аясында осы бағыттағы жұмыстар аз болғандықтан, теориялық материалдардың барлығы қолданбалы сипатқа ие.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1**) ия;** 2) жоқ	Ия. Диссертацияда нақтыланған жаңалықтарында практикалық-қолданбалық компоненттер бар деп есептеуге болады. Біріншіден, диссертацияның негізгі ұғымдарының мәнін нақтылау, негіздеу болса, екіншіден тәжірибелік жұмыста бағдар беретін әдіснамалық ұстанымдарда да пайдалы деп қарастыруға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Қазақстанда АСБ бар балаларға арналған әлеуметтік бағдарламалар инклюзивті қоғамның негізгі өлшемі болып табылатын әлеуметтік қауіпсіз ортаны құруға бағытталған дамыған батыс елдерінің модельдерін практикаға ендіруге

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	бағытталған.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) <u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жүргізгендігі, сілтемелер соңында келтірілген автордың ой-тұжырымдары және әр тараудың өзара сабақтастықта байланысып, жүйелілік пен бірізділіктің сақталуы академиялық жазу сапасының жоғары екендігін дәлелдей түседі.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

PhD, Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, С.Ж. Асфендиров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті **С.М. Дуйсенова**

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Құжаттамалық қамтамасыз ету және талдау бөлімінің басшысы
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Руководитель отдела документационного обеспечения и контроля
НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова»